

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



**«ЭКСПО-2017: КӘСІБИ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДАҒЫ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР» - БАЙТАНАЕВ ОҚУЛАРЫ-5**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
**«БАЙТАНАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-5: ЭКСПО-2017 - ИННОВАЦИОННЫЕ
НАПРАВЛЕНИЯ ПОДГОТОВКИ ВЫСОКОКВАЛИФИЦИРОВАННЫХ
ПЕДАГОГОВ»**

MATERIALS
International scientific and practical conference
**«BAYTANAYEV'S READINGS-5: EXPO-2017 - INNOVATIVE DIRECTIONS
OF TRAINING OF HIGHLY QUALIFIED TEACHERS»**

II бөлім

Шымкент-2017

Алимова Қ.Ш., Мусрепова А.Е. ЖЕТИМ БАЛАЛАРДЫ ӨЗДІГІНЕН ӨМІР СҮРУГЕ ДАЙЫНДАУДА ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	270
Арзымбетова Ш.Ж., Абдуллаева Н.Е. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	274
Байбақова Б.М. БАТЫРБЕК БІРІМЖАНОВТЫҢ ҚОЛДАНБАЛЫ ХИМИЯДАҒЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ.....	279
Байдыбекбаева Е.И., Абдусаметова Ж.И. МУЛЬТИМЕДИЙНҒЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ КОМПЬЮТЕРНОЙ ТЕХНОЛОГИИ.....	284
Капашева Г.А., Жанзақова Н.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ВЗАИМОСВЯЗИ УРОВНЯ ТРЕВОЖНОСТИ И КОПИНГ – СТРАТЕГИИ У СТУДЕНТОВ.....	288
Медетбаева Г.Н., Альжанова Ш.О., Ризаева Н.Т. ЖАҢА ТӘСІЛДЕРДІ ЖЕТІЛДІРУ.....	293
Умбеталиева А.М., Қуанышбек А.Е. ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН, ІС-ӘРЕКЕТІН БАСҚАРУДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ШЕБЕРЛІГІ.....	296

ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ ҒЫЛЫМДАРЫ

Айдарбеков К.Д., Садиева Э.С., Қыяқбаева У.К. НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ.....	300
Битабаров Е.А., Джабаев Р.Ж., Қойшыбаева Н.И. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БАҒАЛАУ.....	304
Жұмабаев А.Б., Лауланбеков А.Б., Жунисбекова Ж.А. ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ ЖАҢА ЗАМАН ПЕДАГОГИКАНЫҢ ТӘСІЛДЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	310
Жұматаев О.К., Балабаев Е.Ш., Жунисбекова Ж.А. ҚАЗІРГІ ЗАМАН ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	315
Куленова И.М., Комза А.М. НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ИНТЕРПРЕТАЦИИ МУЗЫКАЛЬНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.С. БАХА В СВЕТЕ СИМВОЛИКИ КУЛЬТУРЫ БАРОККО.....	320
Курбанова Д.Э. АҒЫЛШЫН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	323

Жұманшова А.А. ОТЫРАРДЫҢ МЕТАЛДАН ЖАСАЛҒАН БҰЙЫМДАРЫ.....	327
Кемелова Қ.Ш. ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА.....	334
Сотов В.В., Колесникова Н.В., Керимбеков М.А. НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕОБХОДИМОСТИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЛИДЕРСТВА В СПОРТЕ.....	339
Хажиев М.Ш. АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ САБАҚТАРЫНДА ЕЛДАНДЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ ӘДІСТЕРІ.....	344
Агулыкова У.А. ДІН-РУХАНИ АЗЫҚ.....	346
Арынгазиева Б.Б. ҚАЗІРГІ АҚПАРАТТЫҢ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	349
Баратова Ю.С., Аманкелді А. ТӘУЕЛСІЗДІК БАСПАЛДАҚТАРЫ.....	354
Байтаева М.Р., Бүркіт Ә.Қ. «ӨЗБЕК ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ» САБАҒЫНДА СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСҚА ҮЙРЕТУ.....	357
Сыздықова Г.М., Өмірхан А. ҚҰРАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЭТИКАСЫ.....	363
Туленова Н., Будеева Д.Ж., Аманбекова А. ҚОЛӨНЕРІМІЗДІ ШЫҢДАУДА ГОБЕЛЕН ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	365
Будеева Д.Ж., Туленова Н., Құлынбет Ж. ҚАЗАҚ СӘНДІК ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРІН ШЫҢДАУДАҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ.....	370
Даберова З.Т., Будеева Д.Ж., Төрөбай Гаурн ГОБЕЛЕН ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ.....	374
Даулетбекова Б.Д. БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЕСЕПТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	378

ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕРІ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ МҰРА

Кемелова Қ.Ш.

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі, этнография ғылыми-зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері. Қазақстан, Шәуілдір ауылы

Резюме

В статье говорится об образовании и развитии народного искусства, определяется сходства и различие, а также ценности материально-культурного наследия народа. Рассматриваются работы собирания, опубликования пропаганда и исследования традиционного народного культурного наследия опираясь на историко-этнографические и археологические факты. Ключевые слова: казахский народ, традиционное искусство, культурное наследия

Resume

The article talks about the formation and development of folk art is determined by similarity and difference, as well as the value of material cultural heritage of the nation. Examines the work of gathering, publication dissemination and research of traditional cultural heritage based on historical and ethnographic and archaeological facts.

Keywords: the Kazakh people, traditional arts, cultural heritage

Қазақ халқының дәстүрлі қолданбалы өнері – көшпелі түркі тектес халықтар әлемінің алып бәйтерегі, қара шаңырағы. Ол ерте кезден-ақ әлемдік мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін қызықтырған. Жалпы, тарихсыз, мәдениетсіз, дәстүрсіз ел болмайды. Мәдениет — бір тұтас құбылыс, адамзат баласы жасаған мәдениет екі түрге бөлінсе, оның бірі рухани мәдениет, екіншісі материалдық мәдениет болып табылады. Рухани мәдениетке музыка, әдебиет, сәулет өнері, сурет өнері жатса, адам баласының шаруашылыққа байланысты күнкөрісінен туган дүниелері материалдық мәдениетті құрайды. Осы екінші дәстүрлі мәдениетіміз- қолөнеріміз жайлы ауыз толтырып айта аламыз.

Халқымыздың дәстүрлі өнері, яғни қолөнер мәдениетіміздің тарихы кең байтақ жерімізді мекендеген саяхатшы, ұйсін, қыпшақ, гун, қарлұқ тәрізді көне түркі тайпаларының мәдениетінен арқау алғаны жайында ғалымдардың көптеген еңбектерінде айтылады. Мысалы, С.Қасиманов: «халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты творчестволық өнер жиынтығы» [1; 10] десе, ал М.С.Мұқанов: «... дәстүрлі халық өнерінің негізі. Халық мұрасынсыз алға басу мүмкін еместігін» [2; 18], - айтады.

Ө.Жәнібеков дәстүрлі өнер, халықтың рухани әлемі дей келе, «... бабалар мұрасы ұлттық игі қасиеттерге ұқынты болуды, жұртты ұлттық мақтанышқа баулу ісін, көп ұлтты Қазақстан халқын ауызбірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу ісін жүйеге келтіруді талап етеді»- деп [3; 108] оның тәрбие берудің барлық саласын қамтитынын тілге тиек етеді.

Қай халықтың болмасын заттық, рухани мәдениетінің жиналуы, жариялануы, зерттелу тарихының басталған уақытын деп басып айту қиын. Халықтық мәдениет қаншалықты көне болса, оның зерттелу тарихы соншалықты тереңге бой тартады. Сол сияқты қазақ халқының рухани мұраларының бірі қолданбалы өнерінің тасқа қашалған көне іздерін V-VIII ғасыр ескерткіштері мен Орта Енисей жазбаларынан тапсақ, одан бергі орта ғасырлық жазба деректердің барлығында да халық мұрасы өз желісін үзбей, әр түрлі деңгейде бой көрсетіп отырады [4;5].

Біріншіден, өнерді жасаушы халық, өйткені халық тарихқа өз бейнесін сурет

қылып салып кеткен. Екіншіден, бабалар мұрасы ғасырлар бойы сұрыпталып, ұзақ уақыт сыннан өткен. Оның бастапқы мазмұнын шындай түсуге қаншама ұрпақтың ақыл-ойы, дүниетанымдық ой-түсінігі, эстетикалық сана-сезімі жұмсалған.

Қазақ халқы салт-дәстүрге өте бай ел. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері, заңгер Н.Шайкенов: «Ұлт дәстүрі – заңнан биік», – деген. Демек, салт-дәстүрлі ел – мықты әрі тұғыры берік ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген. Ұлттық тәлім, салт-сана сабағы адамгершілік тәрбиесінің аса сенімді әрі ғажайып жол екенін көрсетті. Отаншылдық, ерлік, мәрттік, жомарттық, қайырымдылық, жоғары адамгершілік қасиеттер осы жол арқылы дарыған [5;198]. Олай болса, әдет-ғұрып – қазақ халқының мызғымас заңы деп қабылдаған жөн. Дана халықтың өзі жасаған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану – ағайынды адастырмас сара жол.

Қазақтың әдет-ғұрыпında жол-жоралғы деген ұғым бар. Бұл – әр адамның еңбегіне, ата-тегіне, туыстық қатынастарға сай жасалатын алыс-беріс, сый-сияпат ретінде берілетін тарту-таралғы. Мұның әр түрлі жолдармен жасалатын реті болады. Мысалы, алғаш рет келген құрметті қонаққа, батырға, ақынға, ел ағаларына, құда-құдағиға көрсетілетін жол бар. Олардың жанындағылар да елсусіз қалмайды. Мұндай тарту-таралғыға ат-шапан, кісе белбеу, ер тұрман, қару-жарақ, қалы кілем, күнұыз берік, домбыра, күміс қамшы жатады. Жол жөн-жосық, кезек беру, арқылы да көрсетіледі, мысалы: бата беру, бас ұстау, жоғары отыру. Жас ақын аға ақынға, жас палуан бас палуанға, жігіт қызға жолын береді, өйткені «қыздың жолы жіңішке» деген бар. Жастар қарияларға жол береді. Ерсі, әлепке жағпайтын жайларды қазақ «жолсыз іс» дейді. Жалпы қазақ баласы қай жерде де, қай істе де жолсыз, жоралғысыз аяқ баспайды. Ел ішінде күн сайын кездесетін жолдасу, жол алу, жолын беру, жоралғы жасау, жөн-жосық, міне, алдымен осы жолдан басталады. «Орамал тон болмаса да, жол болады», - дегенде, атам қазақ: «Үлкен-кіші болса да, сыйлай біл, арзан-қымбат болса да, жолы мен жөнін көрсете біл», - деп ескерткен. «Е, құдайым, тіземнен сүріндірсен де, тілімнен сүріндірме, аттан құласам да, жолымнан құлатпа!» - деп тілеген ел жолдан жығылуды ар санаған, сол жолдан таймаған. Демек, тұрмыстағы салт-дәстүр, өмірдегі әдет-ғұрыптың бәрі осы жол-жоралғы арқылы жасалады, жөнін табады. Жолды ұстай білу – биік адамгершіліктің, ұлттық парасатымыздың берік тұғыры [6;130]. Қазақ халқы ежелден бауырмал, қонақжай, көпшіл халық. Келген қонағына төрін ұсынып, дастарханынан дәм татырған. Сондықтан да қазақ халқы асқа, тағамға үлкен мән берген. Бұл – біздің халқымыздың ерекшелігі. Қазақ салтында аты әйгілі адамдарға, мысалы, батыр, би, болыс, байларға, белгілі өнер иелерінің қайтыс болғанына бір жыл толғанда ас беріледі. Мұнда жүздеген мал сойылып, мыңдаған шелек қымыз құйылады. Ат жарыс, палуандар күресі болады.

Асты «Біссімлә!» деп бастайтын қазақ тамақтанып болған соң, оны батамен қайыратын әдетінен әлі күнге дейін жаңылған жоқ. Мұны ас қайыру деп атаймыз. Ас қайыру тілек, батамен айтылады. Қазақтар асты дәм деп атайды. Халық арасында біреуді еске алғанда: «Дәмдес болып едік. Үйінен дәм татып едік», - айтқан сөздерінің ұлт ұғымында өзіндік орны бар. Өйткені әр қазақ өздерінің жақындары мен туыс-жесекттарына ғана емес, ел сыйлаған құрметті азаматтарына, қадірлі ақсақалдарына, аналарына өз үйінен дәм татыруды үлкен мұрат, парыз деп санаған. Дәм татырудың

қоғамдық, әлеуметтік істерде маңызы өте зор болған. Ең алдымен, әдейі шақырып, дастарханынан дәм татыру – ата салт, қазақы әдеп, жөн - жоралғы. Екіншіден, ол – сыйлаудың, құрметтеудің көңіл білдірудің айғағы. Үшіншіден, қай жерде болмасын, қай уақытта болмасын, сыйлас, қамқор, тілектес бола жүрудің кілті. Ел дәстүрі бойынша дәмдес болған адамдар бір-біріне қыянағ жасамайды, жоғалғанын іздеседі, табысына қуанады, қайғысына ортақтасады. Бұл – ғасырлар бойы санаға сіңген салиқалы салт [7;131].

Туған халқымыздың ежелден қалыптасқан әдет-ғұрпында көңіл аударарлық психологиялық іс-әрекеттер көп кездеседі. Соның ішінде сезімді, көңіл-күйді, іс-қимылды сөзді тауыспай-ақ ыммен, ишарамен, еппен сездіретін, оны дәл бейнелейтін ойлы, қызықты әрі сесті ұғымдар бар. Бұл - әдет-ғұрып ишарасы. Мұның тек рухани, ұғымдық жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ тәрбиесіне де үлкен қызмет атқаратынын естен шығаруға болмайды. Төменде соның бірнеше түрлеріне түсінік беріліп отыр. Үлкен кісі жақсы көрген жастың арқасынан қағатын ғұрып бар. Арқаға қағу – риза болу, мақұлдау, қолпаштауды бейнелейді, яғни «рахмет, бәрекедді, жарайсың» деген сөздердің орнына қолданылатын алғыс белгісі. Бөркін аспанға ату – қатты қуану, шаттану дағдысы «Бөркін аспанға атып қуанады» деген сөз осыдан шыққан. Қамшы тастау. Бұл – ұлттық салт-дәстүр, әдет заңының жолы бойынша ішпендер мен билердің, талапкерлердің дау-жанжал кезінде сөз сұраған белгілі ғұрып. Қол алысу – танысудың, сәлемдесудің немесе келісу нышандары осы қол алысу арқылы байқалады. Сайып келгенде, ым-ишара да ежелгі ата-бабаларымыздың салт-сана, әдеп, үлгі, тәрбие, тағылым, таным саласындағы ғасырлар бойы жинақталған, дәстүрге енген және қалыптасқан ұлттық бай қазыналарының бір тармағы болып қаралады.

Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қолөнерінің басты бір саласы – киім тігу. «Ең әдемі киім – ұлттыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ұлт мәдениетінде бағалы киімдер сый-сияпат, дипломатиялық қатынастарда ескерткіш, белгі ретінде жүрген. Ат, шапан сыйлау құрметтеудің көрінісі деп бағаланған. Ертеде халық шеберлері қазақтың болмысына тән, кигенде ыңғайлы әр түрлі киім үлгілерін жасаған. Халқымыздың ұлттық киімдерінің түрлері өте көп. Кең байтақ даламыздың табиғатына, ауа райына байланысты киім түрлерінде де ерекшеліктер бар. Киім мәуегіден, жүн және жібек матадан, киізден, аң терісінен тігіледі [7;240]. Киімдердің барлық түріне тоқталу мүмкін емес. Сондықтан қымбат саналатын киім түрлеріне тоқталайық.

Тымақ – ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Бұрын қазақ елі қай жүздің, қай рудың адамы екенін тымағына қарап таныған. Тымақ – биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етегі бар жылы бас киім. Сыртғын берік, қымбат маталармен тыстайды. Тымақ – қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды. Жақсы кісілердің тымағы атадан балаға мұра есебінде қалып отырған. Бұл – тымақтың қадірі мен қасиетін бейнелейтін көрініс.

Ұлтымызға жарасатын бас киімнің бірі – бөрік. Бөріктің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіледі, жиегіне қымбат бағалы ақ және мал терілері ұсталады. Бұл бас киімді ерлер де, қыздар да киеді. Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі немесе конус тәрізді биіктеу болып келеді. Сәндік үшін төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады.

Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім. Сәукеле биік, төбе жағына қарай жіңішке береді. Жоғары жағына үкі тағады. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық, лағыл сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар тағылады, түрлі түсті қымбат жіптермен тігіледі, безендіріледі. Екі құлақ тұсына омырауға жететін құлақша тоқылады, Сәукеленің артқы жағына ұзындығы жерге жететіндей ақ желең тағылады. Сәукеле – тек бас киім емес, ол – қазақ халқының байлығы мен сән-салтанатының, мәдениеті мен өнерінің озық үлгісі, өнер туындысы ретінде бағаланатын өте қымбат этнографиялық мүлік. Сонымен бірге ол – қазақтың қыздарына деген көзқарасының да бір белгісі.

Шапан – қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі. Ол – арасына жүн немесе мақта салынып, сыртғын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матамен қапталып, ішін астарлап тігетін жылы киім. Шапанға түйме, әйелдердікіне ілгек, қапсырма қадайды немесе белбеу буынады. Тәуке ханның «Жеті жарғысында» тәртіп бұзған адамдарға ат немесе шапан айып тарттырып жазалау да шапанның қазақтың тұрмысында зор маңызы бар екенін дәлелдейді.

«Шебердің қолы алтын», - дейді қазақ. Сөзге де шебер, іске де ұста халқымыздың зор мәдениеті мен өнерін паш ететін құндылықтардың бірі – оның қолөнері. Ағаштан, темірден түйін түйген, жүннен көздің жауын алатындай бұйым жасаған, асыл тастардан сән бұйымдарын соққан, сүйек пен мүйізді, шиді қиыннан қиыстырған халық шеберлерінің ісі – мақтауға тұрарлық өнер туындысы [7;94-95].

Зергерлік – өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Оны барлық халықтар жоғары бағалап, ең қалаулы өнер етті. Тарихи этнографиялық мұражайлардағы археологиялық сәнді бұйымдар мен қарулар, ыдыс-аяқ, теңге-моншақтар, алтын мен күмістен және асыл тастардан жасалған қымбат заттар әлгі шеберлер қалдырған халықтық мұра болып табылады. Қазақ арасында жалпы темір соғатын ұсталарды да, зергерлерді де «ұста» деп атаған. Ұста сөзі шебер, өнегелі, ісмер деген ұғымда ағаш ұстасы, темір ұстасы, күміс ұстасы, сөз ұстасы, ақыл айтуға ұста деген сияқты тізбектерде айтыла береді. Бірақ алтын-күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілер өздерін темір ұстасынан бөлек санаған. Осыған орай оларды зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден-ақ қалыптасқан. Бұл туралы академик саяхатшы П.С. Паллас өзінің 1776 жылғы «Путешествие по разным провинциям Российской империи» деген кітабында: «...қазақтарда ұсталар да, зергерлер де бар», - деп жазады [8;241]. Аталмыш еңбекте қазақтың зергерлік бұйымдарының бірнеше түрін атап өтеміз:

Білезік – білекке салатын, күмістен, алтыннан соғылатын әйел бұйымы. Жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, бұрама білезік, қос білезік сияқты атаулары бар.

Жүзік – қымбат тастардан көз орнатылған жалпақ сақина. Оның еректер де, әйелдер де салатын түрлері болады.

Шашбау – қыздар шашымен қоса қоса өріліп, моншақты, зерлі күміс шыңжырлы әсемдік бұйым.

Сырға – құлаққа тағатын сәнді асыл бұйым. Оның сапасына, құрамына сай көптеген түрлері болады [7;74-75]. Күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келген дәстүрлі қолөнер үлгілерінің бірі - киіз басу, кілем тоқу, кесте тігу болып саналады.

Киіз басу – дәстүрлі қазақ қоғамында дамыған киіз жасау өнері. Киіз басу ісімен қазақ халқы өте ертеден таныс. Ғасырлар бойы көшпелі өмірге ыңғайлы

тұрмыстық бұйымдардың бірқатарын киізден жасап келгендіктен, киіз басу технологиясын әбден меңгеріп, өнер дәрежесіне көтерген. Қазақ қолөнерінде пайдаланылған негізгі шикізаттың бірі және ең бастысы – жүн болды. Материалды терең зерттеп, оның бар сырын, бар мүмкіндіктерін аша білу – қолөнері үшін маңызды жәйт. Халық шеберлері материалдың табиғи қасиеттеріне зер салып, оны өңдеуде техникалық тәсілінің барынша тиімді және күнделікті тұрмысқа ең қолайлы жақтарын қарастыра отырып, әсемдік, әдемілік дүниесіне де көңіл бөле білді.

Кілем тоқу – халықтың өте ертеден келе жатқан қолөнері. «Үй жасауы – кілем» дейді халық. Кілем – жайсаң төсеніш, ілсең сән. Осындай ел аузына ілінген асыл қасиетін ол әлі де сақтап келе жатқан бағалы зат. Осындай қиын да қызықты өнер қазақтың топырағында бұдан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан шығып, шебер қолдарымен тоқылатын. Кілем бір немесе бірнеше қабатты, түкті немесе тықыр болып келеді. Қазақ кілемдері тоқылу ерекшелігіне қарай – түкті және тықыр; материалына қарай – жібек, масаты, қалы; ру үлгілеріне қарай Адай, Керей, Қонырат, Үйсін; сондай-ақ қосалқы белгілеріне қарай – шашақты, оқалы кілемдер болып бөлінеді. Негізінен қызыл, қаракөк, сары, күлгін, алданкөк түстерді қолдану арқылы түрлі ою-өрнектер табиғат көріністерімен ұштастыра бейнеленеді. Қазақстанның оңтүстігінде түкті және тықыр кілемдерді қолдану дамыған. Олардың негізгі өрнектері — «күмбез», ал жиектерінде текшелі өрнектері «қорған» деп аталып, оны бойлай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізіледі. Бұл әулім күмбезді, тас қамалды, қорғанын қуалай су жүргізілген қаланы елестетеді [8;240].

Қорыға келе, мәдениеті мен ғылымы кемелденген өркениетті халықтар көне тарихының сыр сипатын ашуға, оны танып-білуге септігін тигізер құнды мұралардың ешбірін назардан тыс қалдырмай, мейлінше құптап, зерделеп - зерттеп отыру біздің басты міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1995. – 240б.
2. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. –А.: Қазақстан, 1979.
3. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы: Рауан, 1965. -109 б.
4. Жолдасбекова С.А. Бастауыш класс оқушыларының сәндік қолданбалы өнерге эстетикалық қызығушылығын қалыптастыру. П.ғ.к. дисс. - А., 1993. – 165 б.
5. Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері. – Білім, 2012.
6. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы: Кітап, 2013.
7. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолөнері. – Алматы: Кітап, 2012.
8. Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. – Алматы: Кітап, 2013.

НЕКОТОРЫЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ НЕОБХОДИМОСТИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ЛИДЕРСТВА В СПОРТЕ

Сотов В.В. – магистр-старший преподаватель, ЮКГПИ, Шымкент, Казахстан

Колесникова Н.В. – магистр-преподаватель, ЮКГПИ, Шымкент, Казахстан

Керимбеков М.А. – к.п.н., начальник Академического отдела, АО

«Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу», Шымкент, Казахстан

Түйін

Бүгінгі жаттықтырушылар мен спортшылардың өзекті міндеттерінің бірі – Қазақстандық спорттың жоғарғы деңгейге көтерілуіне өз үлесін қосу. Осыған орай бұл мақалада спортшылар арасындағы көшбасшыларын таңдаудың кейбір мәселелер мен жолдар қарастырылады.

Summary

One of the important tasks for the sportsmen and trainers today is - the increase of a level of the Kazakhstan sports. In given clause some questions of definition of the leader in sports commands(teams) are considered.

Реформирование казахстанской системы образования связано с глобальными изменениями во всех сферах общественной жизни. Модернизация казахстанского общества, ориентация страны на инновационный тип экономики, требует пересмотра технологий обучения, используемых для трансляции знаний и формирование умений и навыков, разработки мобильных педагогических технологий, которые обеспечили бы творческое саморазвитие субъектов образовательного процесса. Казахстан присоединился к общеввропейскому процессу, подписав Болонскую декларацию, цель которой - создание единой европейской зоны высшего образования, что предполагает практику общих подходов к качеству подготовки специалистов, особенно в спорте.

Необходимость совместной и согласованной, подчиненной одной общей цели деятельности спортсменов выдвигает потребность в руководстве командой. Руководителем или лидером должен быть человек, которому будет подчиняться другие члены команды (ведомые). Социально-психологические исследования показали, что в группе, выполняющей общую задачу, наличие лидера обеспечивает успех деятельности, отсутствие лидера обрекает действия группы на неудачу.

Термин «лидер» употребляется очень широко. Например, говорят о лидере чемпионата, лидере гонки и т.п. Очевидно, чтобы вести разговор о лидере, нужно отделить бытовое и журналистское понятие от социально-психологического. Лидер (leader) — английское слово, которое переводится как «ведущий, возглавляющий». Однако в социальной психологии оно получило несколько иное содержание. Под лидером понимают члена группы, регулирующего межличностные отношения, которые в группе носят неофициальный или неформальный характер. Под руководителем в отличие от лидера понимают человека, который регулирует официальные межличностные отношения. Часто первого называют неофициальным лидером, а второго — официальным. Между ними не должно проводиться противопоставления, так как руководитель может быть и неофициальным (неформальным) лидером. Но и отождествлять их нельзя, поскольку руководитель, назначенный официально вышестоящими инстанциями, может не признаваться группой или командой, то есть не являться лидером в более узком понимании.